

# КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Ұнату, жақсы көру және  
тұлғааралық сезім. 3-бөлім

6-тарау. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім.  
Әлеуметтік психология ғылымы



## Қауымдық қатынасқа мұқтаждық

Маргарет Кларк пен Джадсон Миллс өзара қарым-қатынас пен қауымдық қатынастың маңызды айырмашылығын анықтап берген. Өзара қарым-қатынаста адамдар өзара теңдіктің сақталуын, марапатты және еңбек бөлінісіндегі әділдікті қалайды. Мұндай қарым-қатынаста тепе-теңдік бұзылса, екі жақ та риза болмайды; әділетсіздік сезінген тараптың көңіл күйі бұзылып, ашуға бой алдырса, екінші тарап өзін кінәлі сезінеді. Ал қауымдық қатынаста екі жақ бір-бірімен санаспайды.

Нақтырақ айтқанда, әрдайым өзгелерге көмек көрсетуге әзір болып, өзгелердің де көмегін қуана қабылдайды. Бірақ, қауымдық қатынас мүшелері тепе-теңдік жайлы ойламаса да, әділдік орнайтынына сенімді болып, уақыт өте келе тепе-теңдік қалыптасады. Қарым-қатынас неғұрлым жақынырақ болған сайын мейілінше берік болады. Кларк пен Миллстің ойынша, неке келісімшартын бекітіп, отбасы құру олардың бір-біріне деген сезіміне көлеңке түсіреді екен.

Бұл мәселені ғылыми түрде зерттеу қиын. Кларк, Миллс және Дэвид Кокоранның сәтті тәжірибелері осы бір маңызды айырмашылықты жақсы түсіндіре алған екен. Мысалы, бір тәжірибеде қатысушылардың бір тобы – жақын достарымен, енді бір тобы бейтаныс адамдармен жұп болған. Сонан соң жұптардың сыңарларын басқа бөлмеге кешенді тапсырманы орындауға ертіп алып кеткен. Қатысушылардың жартысына: «Сіздердің жұптарыңыз көмекке зәру болған кезде отырған бөлмесінің жарығының түсін өзгертетін тетікті басу арқылы белгі береді», – деп түсіндірген. Ал қалған жартысына: «Егер сіздердің жұптарыңыз жарық түсін өзгертіп белгі берсе, бұл – оның тапсырманы сәтті орындап жатқанын білдіреді. Демек, жұмысын тез арада аяқтайды, ал сыйақыны екеуіңіз теңдей бөліп аласыздар», – деген. Осыдан кейін ғалымдар қатысушылардың жұптарының белгі беруін күтіп, жарыққа қаншалықты жиі қарайтынын бақылаған. Бейтаныстардың арасында жұбы екеуі сыйақыны бөліп алатынын естігендер жарыққа жиірек қараған; жұптары жақын достары болғандардың арасында жұбына көмек қажет болатынын естігендер де жарыққа жиірек қараған. Қысқасы, жақсы ойластырылған ғылыми тәжірибе қауымдық қатынастағылардың қиналған кезде бір-біріне көмек беруге әзір болатынын көрсеткен.

## Махаббат жайлы не білеміз?

«Жасөспірім кезімде мен романтикалық елес қуып, романтика мен ынтызарлыққа толы нағыз махаббатты армандайтынмын. Менің құрбы-құрдастарымның басындағы жағдай да дәл осындай еді», – дейді автор.

Адам кімге және қалай ғашық болады? Адамдардың бір-біріне ғашық болу себептері бірін-бірі ұнату себептерімен бірдей екен. Көптеген зерттеу ғашық болудың басты факторы жақындық екенін көрсетіп отыр. Осындай қорытынды нағыз махаббатын күтіп жүргендердің романтикалық тәтті қиялының күлпаршасын шығарды деуге болады. Бір-бірінен қашықта жүрген адамдардың ғашық болатыны екіталай екені анық. Дәлірек айтқанда, сізге географиялық тұрғыдан алғанда, жақын жүрген адам сіз үшін ең қымбатты адамға айналуы әбден мүмкін. Адам көне заманнан-ақ жақын үңгірдегі, көрші үйдегі, бірге оқитын, бір дүкенде, бір кеңседе немесе бір зауытта бірге жұмыс істейтін адамдар бір-біріне ғашық болып, бірге өмір сүрген. Екінші маңызды фактор – ұқсастық. Біз көбіне өзімізге қандай да бір ұқсастығы бар адамға ғашық боламыз: сырт келбетіміз, қадір тұтар құндылықтарымыз, көзқарасымыз, сеніміміз, жеке қасиеттеріміз ұқсас адамдарға ғашық боламыз.

## Махаббаттың анықтамасы

Ұнату мен махаббаттың негізгі алғышарттары бірдей болғандықтан, махаббат дегеніміз – ұнатудың тереңірек түрі деуге бола ма? Әлде махаббаттың ерекше белгілері бар ма? Махаббаттың түрлері бар ма, әлде махаббаттың бәрі бірдей ме?

Элейн Хатфилд пен Ричард Репсон махаббаттың негізгі екі түрін атаған, олар: ынтық махаббат және достық махаббат. Ынтық махаббат күшті эмоциямен, ынтызарлықпен, ғашығына деген ыстық



ықыласымен ерекшеленеді. Әдетте басталуы тез, басылуы баяу, лапылдаған жалыны уақыт өте келе ғана өшеді. Кейде ынтық махаббат достық махаббатқа, яғни жұмсағырақ, тұрақтырақ, екеуара сенімге негізделген, сенімді және жылылыққа толы махаббатқа ұласуы мүмкін. Қысқа мерзімді алып-ұшқан романтикалық ынтызарлықпен салыстырғанда достық махаббат ұзағырақ созылып, уақыт өте келе тереңдей түседі.

Роберт Стернберг пен әріптестері осы теорияға үшінші элементті қосып, махаббат үшбұрышы деп атады. Оның ойынша, махаббаттың үш құрамдас бөлігі – ынтықтық, яғни ләззат алу мен жыныстық қатынастық шабыттану; сырластық – кез келген тақырыпта еркін әңгімелесу, ерекше жақын тарту және түсінісу және міндет – адал болу, қиналған сәтте қасынан табылу. Махаббат осылардың біреуінен немесе осы бөліктердің кез келген комбинациясынан тұруы мүмкін. Мысалы, ынтызарлық пен тән құмарлығы болып, бірақ шынайы сырластықты сезінбеуі мүмкін.

Романтикалық фильмдерде махаббат, негізінен, құмарлық сипатта көрсе, әдетте фильмнің соңында ынтықтықты басынан кешірген екі жас «үйленеміз» деген шешім қабылдап жатады. Бірақ, мұндай сәтте шешім қабылдауға асықпаған дұрыс екен. Рой Баумайстер ынтық махаббатты – марихуана мен алкогольдің әсерінен мас болған сияқты, сананың өзгерген жай-күйі деп сипаттаған. Әрине, бұл өзінше қызық жай-күй болғанымен, өмірлік маңызды шешім қабылдауға ыңғайлы жай-күй емес екен.

Стернбергтің ойынша, қарым-қатынастың дамуы барысында ынтызарлық пен жақындықтың комбинациясы романтикалық махаббат деп аталады. Бұл сезім одан әрі дами келе достық махаббатқа ұласады; Ол достық махаббатты жақындық пен міндеттеменің комбинациясы ретінде қарайды. «Достық махаббатта ынтызарлық аз болады», – дейді ол. Стернбергтің жүйесіндегі махаббаттың шыңы – үздік махаббат – осы үш бөліктің қосындысы. Бірақ, бұл өте сирек кездеседі екен. Себебі, үшбұрыш тең болған кезде бір-бірін жақсы көретін жұп бір-біріне бауыр басып, ынтызарлығы күнделікті әдеттің көлеңкесінде қалып, достық махаббаттың деңгейінде қалып қоюы мүмкін екен. Бұл да жаман деңгей емес, бірақ кемеліне келмеген махаббат, яғни үздік махаббатқа жатпайды.

## Сенімге ие болу – сенімді жоғалту теориясы

**Жақын қарым-қатынастың орнауы.** Ынтық махаббаттың ыстық-суығымен салыстырғанда, достық махаббаттың тұрақты, баяу сипатының өзіндік марапаты бар. Олар – қарым-қатынастың ұзақтығы, сенімділігі, артық-кем тұстарыңды жақсы білетін жанның қасындағы эмоциялы қауіпсіздік пен жанға жайлылық. Осындай үлкен артықшылықтарымен қатар, мұның жағымсыз жақтары да бар.

Басқаша айтқанда, жанымыздағы адамдардың жылы ықыласын сезініп, қолдау, мақтау күтіп үйренген бізді күнделікті қасымызда жүретін адамның қошеметінің әсері жаңаша әсерге бөлей қоймайды екен. Оның үстіне, біз жақсы көрген адамымызға көбірек ренжуіміз мүмкін. Мұндайда біз оның осы уақытқа дейінгі бар жақсылығын ұмытып кетіп жатамыз. Жақын адамымызды ренжітетін жағдайларымыз да жиі болып тұрады. Ал біздің мақтау-марапатымыз оларды көп қуанта қоймайды.

Екі жақтың қарым-қатынасындағы жылылық, адалдық, шынайылық ерлі-зайыптыларды сезім тоқырауына ұрындырмайды. Зерттеулер нәтижесі отбасында келіспеушілік туындаған жағдайда сабырға жүгініп, бәрін ақылмен шешетін адамдар отбасылық өмірден көбірек қанағат алатынын көрсетіп отыр. Осындай қарым-қатынастағы тараптар Сенімге ие болу – Сенімді жоғалту тәжірибесіндегіге ұқсас жағдайда болады екен. Сондай-ақ, өзара сырласып, айналада болып жатқан жайлардан алған әсерлерін ортаға салып отыру – жақын қарым-қатынастың тереңдей түсуі үшін пайдалы болып табылады. Демек, тепе-тең жағдайда жағымсыз болса да, біз үшін пайдалы нәрсені бере алған адамды көбірек ұнатады екенбіз. Өзара жақын қарым-қатынастағы адамдарды зерттеу барысы мынаны көрсетті: өзінің жағымсыз жақтарын айтып, сырын ашқан адамды басқаларға қарағанда көбірек ұнатуға бейім екенбіз. Яғни тек жағымды әсер қалдырсам деген ойдан аулақ болып, жағымсыз болса да, өз ой-пікірін ашық айтуы. Ал шынайылық дегеніміз – жақынымыз бен сүйіктімізге қамқорлық көрсетіп, көңіліміздегі жүрекжарды сезімімізді білдіру ниетінен туындаған жақсы қасиет деп айтуға болады. Біз бұған дейін ерлі-зайыптылар өміріне қатысты мысалдар



келтірдік. Сол әңгімені қорытындылай келе, бір-бірін сүйетін екі адам бір-бірінен сыр жасырмай, өздері жайлы жағымды-жағымсыз пікірлерін ашық білдіре алса, қарым-қатынастары ұзақ және баянды болатынын айтқымыз келеді. Зерттеу нәтижелері де осыны көрсетіп отыр.

## Сырластық, шынайылық және өзара әңгімелесу

Сүйіктіңізбен қарым-қатынасыңыз шынайы болуы керек екенін айттық. Бұл – айтуға ғана оңай нәрсе. Өйткені, шынайы болу – шындықты ашып айту деген сөз. Ал шындық барлық уақытта жағымды бола бермейді. Көбіміз тіпті ең жақсы көрген адамдарымызға да әлсіз тұстарымызды көрсетуден қашамыз. Нақты қарым-қатынас кезінде шынайылыққа қалай қол жеткіземіз? Осыған байланысты төменде берілген әңгімегеназар аударыңыз.

Фил мен Элис Хеншоу ыдыс-аяқ жуып жатыр. Кешкі асқа шақырылған достары енді ғана кетіп, Олар дастарханды жинап жатқан. Кеште Элис әдеттегідей өзін жақсы ұстады. Сол бұрынғыша – көрікті, парасатты, сергек. Осындай сәттерде оған сүйсіне қарап отыратын Фил бұл жолы қабағы ашылмай, көңілсіз отырды. Саясат тақырыбындағы әңгіме кезінде Элис оның көзқарасымен келіспей, Томның көзқарасын қолдаған. Оның үстіне, кеш бойы Томға жылышырай білдіріп отырды. Тіпті, қылымсып отырғандай көрінді.

Фил ойға шомып отыр: «Оны өте жақсы көремін. Мұндай қылығына наразымын. Мүмкін, маған деген сезімі суып бара жатқан шығар. Мені тастап кетсе, не істейтінімді өзім де білмеймін. Шынымен, Томды ұнатып қалғаны ма?». Бірақ, ол өзінің қызғанышын жасырғысы келіп, былай деді: «Бүгін Томға ерекше ықылас білдірдің. Тіпті, қылымсығандай көріндің. Оныңды бәрі байқады. Бұл қылығың тіпті ерсі көрінді».

Элис үшін Филдің орны бөлек. Ол өзінше кеш бойы өте орынды сөйледім деп ойлаған еді. Әсіресе саясат тақырыбында. Әйтсе де Фил оның білімін тиісті дәрежеде бағаламағандай көрінді. «Ол мені қарапайым үй шаруасындағы әйел деп ойлайды. Бәлкім, менен жалығып кеткен шығар».

Элис: Нені меңзеп тұрғаныңды түсінбедім. Президенттің салық саясаты туралы көзқарасыңа келіспегеніме өкпелеп отырсың. Ал Том екеуміздің көзқарасымыз бір жерден шықты. Меніңше, бұл пікірім өте дұрыс.

Фил: Иә, қолдады көзқарасыңды. Әзілдеп тұрсың ба? Тіпті, мойнына асылғандай болдың ғой. Бұл қылығыңды көріп, қонақтардың өздері қатты ыңғайсызданды.

Элис (ерегесіп): Фил, қызғанып отырғаныңды көріп отырмын.

Фил: Қызғанып отырған жоқпын. Маған бәрібір. Жеңілтек көріңгің келсе, өзің біл!

Элис (ызаланып): Біле-білсең, сен шал сияқты ойлайсың. Құдай үшін, Виктория заманындағы адам сияқты болма! Білгі осындайсың.

Фил (салқынқандылықпен): Сен мені білмейді екенсің. Басқалары мені озық ойлы деп санайды.

Элис (мысқылдап): Әрине! Жұмысыңдағы хатшы қыздарға сондай әсер қалдырып үлгерген шығарсың.

Фил: Мұнымен не айтқың келіп тұр?

Элис біраз уақыт үнсіз қалды. Фил сұрағын қайталап еді, жауап ала алмады. Содан соң есікті тарс жауып, бөлмеден шығып кетті. Не болып кетті өзі? Екеуі бір-бірін жақсы көреді. Ендеше, неге аяқастынан ренжісіп, қырғиқабақ болды.

Адамның өзге тіршілік иелерінен айырмашылығы сонда – олар күрделі ақпаратты өте күрделі тілмен жеткізе алады. Кейде адамдар арасындағы қарым-қатынас сырын түсіну қиын. Сондықтан, өзара түсінісе алмай қалатын кездері көп. Тіпті, өте жақын адамдар да, бірін-бірі сүйетін жандар да бір-бірімен түсінісе алмай жатады.

Хеншоу отбасындағы ұрыс-керіске таңдануға да болмас еді. Адамдардың өзара түсініспеушілігінен туындаған реніштердің зардабын жою жөніндегі кеңесші қызметінде жүргенімде, мұндай жайлардың талайына куә болғанмын деп жазады автор.

Фил мен Элистің арасындағы дауға талдау жасау салыстырмалы түрде оңай. Екеуінде де себеп бар. Екеуі де өз ойларын тура, ашық айтқысы келмеді. Элис Филге саясат мәселесіндегі білімділігін



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы  
Дәріс: 23. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім, 3-бөлім

бағаламағаны үшін ашуланды. Оның үстіне, Фил өзі туралы «ақылы шолақ, адамды мезі ететін кісі» деп ойлап қала ма деп те қауіптенді. Бұған қоса, Томның көзқарасын қолдағанын күйеуінің қылымсу деп түсінгені де оның ашуына тиді. Ашуға ерік берді, бірақ неге ашуланғанын ашып айтпады. Оған «кісіні мезі қылатын адамсың» деп тиісті.

Филдің реніші қызғаныштан туындап отыр. «Элис – көрікті әйел. Уақыт өте келе ол мені тастап кете ме?» деп қорқады. Сондықтан, Элистің Томның көзқарасын қолдағаны, екеуінің бұған қарсы шыққаны – оның көңіліндегі күдікті растай түскендей болды. Элис оны «шал сияқты» деген кезде, ол тек «шал» деген сөзді ғана естіп, мұны «күш-қайратың қайтқан адамсың» деген мағынада ғана түсінді және соған орай жауап қайтарды. Ал Элис оның бұл сөзін күлкіге айналдырып жіберді.

Мұндай ұрыс-керіс көп адамға жақсы таныс. Сезімге қатысты жайлар да, мазалайтын сұрақтар да түсінікті. Бірақ, адамдар әдетте көңілін күпті еткен сұрақтарды ашық талқылаудың орнына, ұрыс-керістің басталуына себеп болған негізгі мәселені айналып өткізі келеді. Сөйтіп, жағдайды одан әрі ушықтырып, бір-бірін ренжітетін сөздер айтады. Реніш өрши келе өшпенділікке ұласады. АҚШ-та ажырасу деңгейі жоғары болып тұр, сондықтан осындай жайларды тереңірек зерттеген жөн. Әрине, бір-біріне мейірімін төгіп жүрген адамдардың арасындағы ұрыс-керіс, келсіпеушілік, реніш, өшпенділіктің бәрі тек осындай жағдайда әңгіменің кілтін таба алмаудан туындап отыр деуге болмайды. Тіпті, жақын адамдардың арасында да өмірлік қажеттілік, қастер тұтар құндылық, рухани талап-тілек, алға қойған мұрат-мақсат үйлесімсіздігінен туған қайшылықтар болып тұрады. Мұндай жайлар адамды күйзеліске душар етеді. Бәрі дұрыс болып, екі жақ өзара түсінісіп кетсе жақсы, мұның соңы көбіне ажырасумен аяқталып жатады. Бірақ, ең басты мәселелердің бірі өзара тіл табыса алмауда екен. Фил сонда не істеуі керек еді? Өзіңізді оның орнына қойып көріңіз. Сүйіктіңіз Элис қасыңызға келіп, еш кінә артпай, риясыз көңілмен былай деді: «Өзің жайлы өзгелер не ойлайды? Бұл мәселе, әрине, кімді де болса толғандырмай қоймайды. Соның ішінде сенің орның мен үшін бөлек. Сондықтан, сенің бағаң да мен үшін ерекше маңызды. Осындай сәтте маған қолдау көрсеткеніңді қалап едім. Бірақ, олай болмай шықты. Көзқарасымыз сәйкес келмей қалса, сен маған дәрекі сөйлеп, ашуланып шыға келесің. Бұл қылығың мені қатты ренжітті. «Саясат мәселесінде түсінігім шынымен-ақ таяз ба?» деп іштей ренжіп қалдым. Бүгінгі кеште саясатқа қатысты айтқан кейбір ой-түйіндерімді қолдай салсаң, нең кетер еді? Соған да мәз болып қалушы едім ғой».

Енді өзіңізді Элистің орнына қойыңыз, Филдің одан кейінгі әңгімесі былай болады: «Бүгінгі ашуымның басты себебі ол емес еді. Тіпті, айтуға да ыңғайсызданып тұрмын. Бірақ, айтпасыма да болмайды. Шынымды айтсам, мен сені қызғандым. Қызғанған себебім: Том екеуің тым жақын көріндіңдер. Ойларың да, сөздерің де бір жерден шығып жатты. Бір-бірлеріңе ерекше ықыласпен қарап отырдыңдар. Соған өкпеледім. Жалғыз қалғандай күй кештім. Бір жағынан, жасымның ұлғайғанына да алаңдадым. Бұл айтқаным саған біртүрлі көрінер. Бірақ, мен бұрынғыдан баяуым. Тез шаршап қаламын. Толып кеттім. Өзіме сенімді болғым келеді. Мен әлі тартымдымын ба? Маған дәл бүгін Томға қарағандай қарасаң, риза болар едім».

Жалпы, адамдардың көбі сүйіктісінің осындай сөздерінен кейін ойланып, мейірімдірек болар еді. Ашық әңгіме дегенім – сезімі мен мазалап жүрген жайлар жайында ешкімге кінә артпай, кекеп-мінемей, мысқылдамай ағынан жарыла әңгімелеу. Ашық әңгіме өте пайдалы. Мұндай кезде тыңдаушы да сенің сөзіңді түсіністікпен қабылдайды.

Бұл келтірілген мысалдан әлдеқайда күрделі жайлар алдымыздан шығып жатады. Элис пен Фил өздеріне не керек екенін де, өздерін мазалайтын сұрақтарды да білетін сияқты. Олардың арасындағы ұрыс-керіс бір-біріне неге ренжігенін ашып айтпағаннан болған. Бірақ, адам көп жағдайда өзіне не керек екенін, нені қалайтынын өздері де білмей, өз сезімдерін өздері түсіне алмай жатады. Мәселен, Фил өзінің қартая бастағанын сезінеді, Элистің қылымсығандай болған қылығы осыған қосымша болып, іштей жаман болады. Сондықтан, егер біреуге неге ренжігенімізді түсіндіргіміз келсе, ең алдымен, соған себеп болған жағдайды өзіміз ой елегінен өткізіп алайық. Мұндай жағдайда сезімталдық керек-ақ. Ендеше, біз сезімтал болуды үйрене аламыз ба? Басқалардың осалдығын бетіне баспай, қайта қамқор көңіл танытып, құрметпен қарай аламыз ба? Екі жаққа бірдей пайдалы әңгіме қандай болады?

**Туралықтың маңызы.** Адамдар бір-бірімен жақын түсінісуі үшін түйткілді жайларға байланысты ой-пікірін бүгіп қалмай, ашық айтуы тиіс. Сонда ғана бір-бірімізбен тіл табыса аламыз.





Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы  
Дәріс: 23. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім, 3-бөлім

**Сезімнің пайымға әсері.** Адамдар көбіне сыни пікірді қалай айту керек екенін білмей жатады. Біз көбіне сыни пікір айтамыз деп, қарсы алдымыздағы адамды ашуландырып, көңілін құлазытып, мәселені шешудің орнына ушықтырып алып жатамыз.

Дилемма сияқты естіледі: әңгіме екі жаққа да пайдалы болуы үшін ештеңені күлбілтелмей ашық айтқан дұрыс. Бірақ, мына арада ашық айтылған әңгіме көңілге қаяу салып тұр. Бұл дилемманың шешуі мынада: шындықтың өзін көңілге тимейтіндей етіп айтуға да болады.

Бұл жерде «түйсік» немесе «болжам» деген мағынада айтып тұрған жоқпыз. Сезім деп қуану, ашулану, сүйіну, күйіну, наразы болу, қорқу, ренжу, қызғану, толқу, т.б. көңіл күй құбылыстарын айтып отырмыз. Бірақ, дәл осы мойындауы олардың түсінісуіне жол ашты. Біздің әрқайсымызға сезіну терминімен айтылған жауапты есту оңай – «Шаршағанымды сезіп тұрмын!». Ондай кезде «Сенің кесірің!» деген жауап кінәлау мен мінеу сияқты естіледі. Адамның басқа біреу жайлы пайымы қашанда диспозициялы қасиет нысанында болады.

### **Өзара әңгімелесу және үздік махаббат**

Ғашықтар жағымсыз сезімдерін тура айтпаса, жасырса, мұның соңы кішігірім ұрыс-керіске айналуы мүмкін. Мұның бір мысалы – Фил мен Элистің арасындағы реніш. Егер ерлі-зайыптылар немесе бірін-бірі сүйген қыз бен жігіт жіберген қателігі үшін басқаларды кінәламай, бәрін салқын сабырмен, ақылға салып шешсе, ұрыс-керіс те сирек болады. Үйленгеннен кейін диспозициялық қарым-қатынасты таңдаған жұптардың кейінгі кезде бір-бірімен келіспей қалатын кездері жиілеп кеткенін байқаған. Керісінше, тура сөйлесіп, ашық түрде әңгімелесуді таңдағандар жұбайлық өмірде бақытты екен.